

Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2015 жылғы 2 наурыздағы № 113 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 наурызда № 10588 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 13 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 15.01.2016 № 13 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 234-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 41 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Ережесінің 16-тармағының 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу қағидаларын **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Ғ.К. Әмринге заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарда және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Д. Ерғожин

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Мемлекеттік кірістер
комитеті төрағасының 2015 жылғы
2 наурыздағы № 113 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 1-тармағына, «Кедендік құжаттардың нысандары туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 260 шешіміне сәйкес әзірленді және кедендік сараптаманы жүргізетін ұйымдарда кедендік сараптаманы жүргізу мақсатында кедендік тексеру мен кедендік декларациялау жүргізу кезінде мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алудың тәртібін айқындайды.

2. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алудың тәртібі стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады, ол жоқ болған кезде сынамаларды іріктеп алудың жалпы тәртібі пайдаланылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тауар партиясы - бір уақытта бір жүк жөнелтушіден бір жүк алушының атына жолданатын және органға бір немесе бірнеше көлік құжаттары бойынша табыс етілетін тауарлар, сондай-ақ бір пошта жүкқұжатымен жөнелтілетін не бір адамның багажы ретінде орналастырылатын тауарлар;

2) сынама - оңтайлы қажетті, стандарттау жөніндегі құжаттамамен белгіленген, ұсынылып отырған және зерттелетін тауардың барлық көлемінің құрамын және қасиетін сипаттайтын тауар немесе тауардың бір бөлігі;

3) үлгі - тауардың (өнімнің) барлық партиясының, сериясының құрылымына, құрамына және қасиеттеріне сәйкес келетін тауар (өнім) бірлігі не одан әрі зерттеу мақсатында іріктеп алынуы белгіленген тәртіппен тіркелетін, жазбаша және өзге де көріну нысандарында ұсынылатын жалғыз дара объект;

4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар - стандарттау немесе оның нәтижесі бойынша әртүрлі қызмет түрлеріне қатысты нормаларды, қағиданы, сипаттамаларды, қағидаттарды белгілейтін құжат.

2. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу тәртібі

4. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуды мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары декларанттың не тауарларға қатысты өкілеттіктері бар адамның, немесе олардың өкілдерінің қатысуымен жүргізеді.

5. Декларанттар не тауарларға қатысты өкілеттіктері бар адамдар, немесе олардың өкілдері тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу кезінде қатысады және мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына жәрдем көрсетеді, оның ішінде өз есебінен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу үшін қажетті жүк операцияларын жүзеге асырады.

6. Декларант, тауарларға қатысты өкілеттіктері бар адамдар, немесе олардың өкілдері тауарлар ұсынылғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң келмеген жағдайда, сондай-ақ кейінге қалдырылмайтын мән-жайлар кезінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары іріктеп алады. Мұндай жағдайларда тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу, екі куәгердің қатысуымен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу туралы актіні жасай отырып жүзеге асырылады.

Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін декларант, тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге адамдар, немесе олардың өкілдері болмағанда Кодекстің 205-бабының 5-тармағымен көзделген жағдайларда мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары іріктеп алады. Мұндай жағдайларда тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырылады.

7. Арнайы және (немесе) ғылыми танымдарды пайдалану және техникалық құралдарды қолдану қажеттілігі кезінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу кедендік сарапшының (сарапшының) қатысуымен жүргізіледі.

Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасының кедендік сараптаманы жүргізетін ұйымға қолдаухаты кедендік сарапшының (сарапшының) тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуға қатысуы үшін негіз болып табылады.

8. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу алдында тауардың атауына және таңбалануына, жүктің қауіптілік белгісінің барына тексеру жүргізу қажет.

Тауарлардың сынамалары мен үлгілеріне іріктеу стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес қауіпсіздік техникасын сақтаумен жүзеге асырылады.

9. Тауарлардың сынамалары мен үлгілері олардың зерттеу мүмкіндігін осы Қағидаларға 1-қосымшасында көрсетілген тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу нормаларына сәйкес қамтамасыз ететін ең аз мөлшерде іріктеледі.

10. Егер стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттамада сапаны бағалаудағы келіспеушіліктер жағдайында тауарлардың сынамалары мен үлгілерін сақтау көзделген болса, мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы олардың саны стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттамамен айқындалған тең бөліктерге бөледі.

Тауар сынамасының бір бөлігін және бір үлгісін мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы кедендік сараптамаға жолдайды, ал тауарлардың сынамалары мен үлгілерінің басқа бөліктері мөр басылған түрде тауардың сынамасы мен үлгісін іріктеп алған мемлекеттік кірістер органдарында тауардың белгілі бір түрі стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттамамен айқындалған сақтау мерзімі аяқталғанға дейін тауарлардың сынамалары мен үлгілерін сақтау шартын сақтай отырып сақталады.

11. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу кезінде «Кедендік құжаттар нысаны туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы шешімімен бекітілген нысан бойынша тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу актісі жасалады.

12. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу актісі үш данада ж а с а л а д ы :

бірінші данасы мемлекеттік кірістер органында қалады;
екінші данасы тауарлардың іріктелген сынамалары және үлгілерімен бірге кедендік сараптаманы жүргізуге уәкілетті ұйымға жіберіледі;
үшінші данасы декларантқа, тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге адамға немесе олар белгіленген болса, олардың өкілдеріне тапсыруға (жіберуге) жатады.

13. Декларант не тауарларға қатысты өкілеттіктері бар адам, немесе олардың өкілдері келмеген жағдайда тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу актісі декларантқа, не тауарларға қатысты өкілеттіктері бар адамға, немесе олардың өкілдеріне тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкес екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

14. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерінің құрамы мен қасиеттері туралы, тасымалдау, пайдалану, сақтау және кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтері бар тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерімен бірге жүрі қажет.

15. Кедендік сараптамаға жіберілетін тауарлардың сынамалары мен үлгілері тауарлардың қасиеттеріне сәйкес оралады және мөрленеді. Орамада түсіндірме жазулары болады (затбелгілерін).

Түсіндірме жазуларда мыналар көрсетіледі:
тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алған күні;
іріктелген тауарлардың сынамалары мен үлгілерінің реттік нөмірі және о л а р д ы ң с а н ы ;
тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу актісінің нөмірі және күні ;

тауарға ілеспе құжаттар бойынша тауардың атауы;
тауарға арналған декларацияның нөмірі;
тауарлардың сынамалары мен үлгілері іріктеліп алынған партиядағы тауар

с а н ы ;

тауарлардың сынамалары мен үлгілері іріктеліп алынған көлік құралдарының
н ө м і р і ;

тауарлардың сынамалары мен үлгілері іріктеліп алған лауазымды тұлғаның
а т ы - ж ө н і ж ә н е қ о л ы .

Түсіндірме жазу лауазымды тұлғаның жеке нөмірлік мөр бедерімен не
мемлекеттік кірістер органының мөр бедерімен куәландырылады.

Кедендік сараптамаға жіберілетін тауарлардың сынамалары мен үлгілері,
мемлекеттік кірістер органдарының сәйкестендіру құралдарын пайдаланумен
орамның тұтастығын бұзбай алуға болатындай оралады.

16. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу аяқталғаннан кейін
мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы тауарлар орналасқан
көлік құралдарына, контейнерлерге, орамалар мен ыдыстарға пломба салады.

17. Мемлекеттік кірістер органдары декларантқа не тауарларға қатысты
өкілеттіктері бар тұлғаға немесе олардың өкілдеріне тауарлардың сынамалары
мен үлгілерін іріктеп алуға байланысты шығыстарды өтемейді.

Кедендік сараптаманы жүргізуге уәкілетті ұйымға жіберілген материалдар (
тауарлардың сынамалары, үлгілері және тауарларға ілеспе құжаттар) осы
Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың сынамалары мен
үлгілерін тіркеу журналында тіркеледі.

Журнал нөмірленеді, тігіледі және мемлекеттік кірістер органының мөрімен
б е к і т і л е д і .

18. Мемлекеттік кірістер органы тауардың сақталу мерзімін және оларды
сақтау шартының сақталуын ескере отырып, іріктелген күннен бастап жеті
жұмыс күнінен кешіктірмей іріктелген сынамалар мен үлгілерді кедендік
сараптамаға жөнелтуі тиіс. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін жөнелту
сәтіне дейінгі сақталу шарты осы тауарды стандарттау жөніндегі нормативтік
құжаттарда көрсетілген шарттарға сәйкес болуы қажет. Тауарлардың
сынамалары мен үлгілерінің сақталуы оларға бөгде адамдардың қолжеткізу
мүмкіндігін болдырмау тиіс.

19. Кедендік сараптама аяқталғаннан кейін тауарлардың сынамалары мен
ү л г і л е р і :

тауарлардың сынамалары мен үлгілері зерттеу процесінде жұмсалған не
зерттеу және (немесе) сынақ нәтижесінде жойылған;

тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген тауар құрамының кедендік
сараптаманы жүргізу барысында алынған тауардың құрамына сәйкессіздігі
анықталған, оның нәтижесінде мұндай тауарлардың сынамалары мен үлгілері
мерзімі стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттамамен айқындалған сақтауға
қ а л д ы р ы л ғ а н ;

тауарлардың сынамалары мен үлгілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоюға немесе кәдеге жаратуға жататын жағдайларды қоспағанда, кедендік сараптаманы тағайындаған мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасына қайтарылады.

20. Өндіріс процесінде шығындалған (жойылған) тауарлардың материалдары, сынамалары және үлгілері бойынша мәліметтер кедендік сарапшының (сарапшының) қорытындысына ілеспе хатта көрсетіледі.

Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу қағидаларына 1-қосымша

Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктен алу нормалары

Үлгінің атауы	Тауарлардың сынамалары мен үлгілерінің саны (көлемі)	Стандарттың белгіленуі	Стандарт атауы
Көкөніс және жемісті қайта өңдеу өнімдері	0,5 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 26313-84	Көкөніс және жемісті өңдеу өнімдері. Қабылдау ережесі, сынаманы іріктеу әдістері.
Кәмпиттер, мармелад, зефир, желейлік өнімдер	0,4 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 5904-82	Кондитерлік өнімдер. Қабылдау ережесі, іріктеу әдісі және сынама дайындау.
Қант	2 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 12569-99	Қант. Қабылдау ережесі, сынаманы іріктеу әдістері.
Сыра	4 бөтелке	ГОСТ 30060-93	Сыра. Өнім көлемін өлшеу және органолептикалық көрсеткіштерін анықтау әдістері.
Алкогольді өнімдер	4 бөтелке	ГОСТ 5363-93	Арак. Қабылдау ережесі, сынаманы талдау әдістері.
Алкогольсіз сусындар	4 бөтелке	ГОСТ 6687.7- 88	Алкогольсіз сусындар : энергетиктер, квасстар.
Ұн және кебек	2 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 27668-88	Ұн және кебек. Қабылдау ережесі, сынаманы іріктеу әдістері.
Сүт, сүт өнімдері	0,5 л-ден 3 сынама	ГОСТ 26809-86	Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережесі, іріктеу әдісі және сынаманы талдау дайындау.
Қаймақ	0,1 л-ден 3 сынама	ГОСТ 26809-86	Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережесі, іріктеу әдісі және сынаманы талдау дайындау.
	0,1 л-ден 3 сынама	ГОСТ 26809-86	Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережесі, іріктеу әдістері.

Сұйық, қышқыл өнімдер			әдісі және сынаманы тал дайындау.
Алғашқы үлгідегі полиэтилентерефталат	0,5 кг-нан 3 сынама	ГОСТ Р 51695- 2000	Полиэтилентерефталат
Алғашқы үлгідегі жоғары қысымды полиэтилен	1 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 16337-77	Жоғарғы қысымды полиэтилен
Алғашқы үлгідегі төмен қысымды полиэитен	1 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 16338-85	Төмен қысымды полиэти
Алғашқы үлгідегі полипропилен	0,5 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 26996-86	Полипропилен жән сополимерлер. Техника шарттары.
Алғашқы үлгідегі поливинилхлорид	0,5 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 14039-78	Поливинилхлорид
Кептірілген жемістер	1 кг-нан 3 сынама	ГОСТ 1750-86	Кептірілген жемісте Қабылдау ережесі. Сь әдістері
Маталар	0,5 м-ден 4 нүктелі сынама немесе матаның жалпы енінен 2м	ГОСТ 20566	Маталар немесе дана то бұйымдары. Қабылдау ер және сынаманы ірік әдістері.
Жіптер	1 өнімнен 3 сынама, кесілген жіптер ұ з ы н д ы ғ ы : 200 м - жіп үшін сызықтық тығыздығы 12,5 текс кем емес; 100 м - жіп үшін сызықтық тығыздығы 12,5-тен 100 текс кем емес; 50 м - иірілген жіп үшін сызықтық тығыздығы 100 текс көбірек; 10 м - кешенді жіп үшін сызықтық тығыздығы 100 текс артық.	ГОСТ 66 11.1	Тоқыма жіптері. Сызы тығыздығын анықтау әді
Тоқыма және тоқымалы емес материалдар.	0,5 м-ден 4 нүктелі сынама немесе орама кенебінің енінен 2м.	ГОСТ 13587 ГОСТ 8844	Тоқымалы емес кенегітеу дана тоқымалы емес бұй . Қабылдау ережесі з сынаманы іріктеу әдістер Тоқыма кенептері. Кабы ережесі және сынам: іріктеу әдістері
Т о қ ы м а материалдарынан ер, әйел және балалар киімдері	Әр атаудан 2 бұйым, артикула	ГОСТ 20566	Маталар және дана тои бұйымдары. Қабылдау ер және сынаманы ірік әдістері.
Аяқ киім	Әр атаудан 2 жұп, артикула	ГОСТ 9289	Аяқ киім. Қабылдау ереж
Бас киімдер	Әр атаудан 2 бұйым, артикула	ГОСТ 10325	Аң терісінен бас киім Жалпы техникалық шарт
Бағалы аң терісінен бас киімдер.	Әр атаудан 2 бұйым, артикула	ГОСТ 10231 ГОСТ 10322 ГОСТ 11287	Елтіріден жасалған Техникалық шарт Қара күзең терісінен жас

			Техникалық шарттары. терісінен кеудеше. Ж техникалық шарттары.
Полимерлі материалдар және резеңке	- полиэлитенді пленка ауданы 1-4м², ұзындығы 0,4 м-ден 3 сынама полиэтиленді қағазға, қапқа оралынады. - полистирольді пленка ұзындығы 1-3 м-ден 3 сынама, полиэтиленді қағазға, қапқа оралынады. - поливинилхлоридті пленка ұзындығы 2 м-ден 3 сынама, орауыш қағазға оралынады. - полиэтилентерефталатты пленка ұзындығы 3м-ден 3 сынама, орауыш қағазға оралынады. - поливинилхлорида парактары 6 нүктелік 500х500 мм кем емес өлшемді сынамадан тұрады. Ағаш жәшікке немесе қораптарға салынады. - поливинилхлоридті пластикатты лента ұзындығы 5м-ден 3 сынамадан, орауыш қағазға оралынады. - винипластикалы пленка ұзындығы 1 м-ден 3 сынама, орауыш қағазға оралынады. - салмағы 3 кг-нан 3 сынама полистирол. Қаптарға салынады. - 0,8 кг-нан 3 сынама полипропилен, - 2 кг-нан 3 сынама сополимер. Қаптарға салынады. - жоғарғы қысымды полиэтилен 700гр-нан 3 сынама, төмен қысымды полиэтилен 1000 гр 3 сынамадан. Қаптарға салады. Каучук - 1500г-нан 3 сынама. Полиэтиленді пакеттерге салынады.	ГОСТ 10354 ГОСТ 12998 ГОСТ 16398 ГОСТ 1795-96 ГОСТ 27109-86 ГОСТ 16338 ГОСТ 16337 ГОСТ 17617 ГОСТ 16398 ГОСТ 20282 ГОСТ 24234	Полиэтиленді пленк Техникалық шарттар Полистирольді плені Техникалық шартта Винипластты пленк Техникалық шарттар Синтетикалық және та каучук. Сынаманы ірі және одан әрі дайын рәсімдері. Синтетикалық каучук Іріктеу әдістері ж сынамаларды дайын Төменгі қысымды полиэ Техникалық талаптар. Жоғарғы қысымды полиэтилен. Техника талаптар. Поливинилхлоридті пластикатты лента Техникалық шарттары. Винипластикалы каландрировапленкасы. Техникалық шарттар Полистиролдың жал тағайындалуы. Полиэтилентерефталатт пленка. Техникалық шар .
Балалар ойыншығы	Әр атаудан 2 бұйым, артикула	ГОСТ 25779	Ойыншықтар. Жалп қауіпсіздік талаптары : бақылау әдістері.
Қағаз және картон	Картон және қағаз - өлшемі 300х450 мм кем емес 5 парақтан 3 сынама. Орауыш қағазға оралынады. Тұсқағаз - 0,6м-ден 3 сынама, үлгі ораманың шетінен 0,5 м арақашықтықтан алынады.	ГОСТ 8047 ГОСТ 6810	Картон және қағаз. Ор сапасын анықтау үі сынаманы іріктеу. Тұсқағаз. Техникал шарттары.
Ағаштан жасалған бұйымдар	Ағаш талшықты такта- өлшемі 100х100 мм кем емес 3 сынама, пакеттерге оралынады. Бөлшек және бұйым - 3 дана . Артикула, әр атаудан өлшемі 300х300мм кем емес.	ГОСТ 19592	Ағаш талшықты такта Сынақ әдістері.
	Орташа сұйық сынама салмағы, қоймалжың және қатты материалдар 0,5		

Лак бояу өнеркәсібінің өнімдері	кг-нан 3 сынама. Орау бойынша ГОСТ-ы 9980.3-86.	ГОСТ 9980.2	Лак бояу материалда сынақ үшін сынамала іріктеу.
Керамикалық бұйымдар	5 данадан 3 сынама, артикула әр атаудан . Картон қораптарға немесе полиэтиленді пленкаға оралады.	ГОСТ 4.210 ГОСТ 28390	Керамикалық әрлеу я қаптау материалдар Көрсеткіш атаулары. Фа бұйымдары. Техникал шарттары.
Кірпіш және отқа төзімді бұйымдар	Әр атаудан 3 дана. Артикула	ГОСТ 8179	Отқа төзімді бұйым; Үлгілерді іріктеу ж қабылдау сынақтары.
Металдар. Қорытпалар және одан жасалған бұйымдар (соның ішінде зергерлік бұйымдар)	Илем - ені 600-1000 мм 3 сынама, бұйымның соңынан ең аз арақашықтығы : Орамдағы илем -150 мм- ден 3 сынама; домаланған илем орамы-1 орам, сыртқы орам шетінен 2 орам кем емес; - Босатылған және бекітілген орамдағы илем шеттері-орам диаметрі 0,5 м-ден 3 сынама, 160 мм кем емес. - Металлдан жасалынған бұйым- артикула, 3 әр атаудан 3 сынама.	ГОСТ 16523 ГОСТ 7565 ГОСТ 5781	Сапалы және қарапай сапалы көміртекті бола жасалған жұқа қабатты : Техникалық шарт Шойын, болат жә қорытпалар. Химикал құрамын анықтау ү сынаманы іріктеу әдістері. Темір-бетон құрылымдар армирлау ыстықтай жұқартылған (Техникалық шарттары.
Тұтқыр материалдар.	- гипстік - салмағы 1 кг-нан 3 сынама, тігілген немесе желімделген қағазды қаптарға оралынады. - цемент - салмағы 1 кг-нан 3 сынама, қағаз қаптарға оралынады.	ГОСТ 23789	Тұтқыр гипстік. Сы әдістері.
Шыны	Табиғи шыны - өлшемі 300х300мм 3 сынама, екі жағынан орауыш қағазбен қапталады. Шыны өнімдері - артикула, әр атаудан 3м сынама	ГОСТ 17622	Табиғи техникалық шы Техникалық шарттары.
Мақта	Медициналық гидроскопиялық мақта - 1 кг - нан 3 сынама.	ГОСТ 5556	Медициналық гидроскопиялық мақ Техникалық шарттары.
Мұнай және мұнай өнімдері	Біріккен сынама көлемі 4 литрдан кем емес, 1,0 литрден 4 сынама.	ГОСТ 2517-2012	Мұнай және мұнай өнімді Сынаманы іріктеу әдістері
Дана шағын габаритті бұйымдар	3 дана		

Ескертпе: Сарапшылық зерттеу процесінде бұзылмайтын тауарлар (мысалға: теледидар, компьютер, тоңазытқыш) бір данада іріктеледі.

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының тауарлардың
сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу
қағидаларына 2-қосымша
нысан

Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін тіркеу журналы

Реттік нөмір	Сынамалар мен үлгілерді іріктеу күні	Сынамалар мен үлгілердің тіркелген нөмірі	Тауар атауы
1	2	3	4

Жалғасы

Іріктелген сынамалар мен үлгілердің саны	Сынамалар мен үлгілерді іріктеу актісінің ресімделген күні және нөмірі	Орамды сақтаудың сәйкестендіру құралы	Сынамалар мен үлгілерді қайта шығындау туралы белгі
5	6	7	8